

**Қобда ауданында пайдаланылмайтын ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлерге жер салығының базалық мөлшерлемелерін және бірыңғай жер салығының мөлшерлемелерін жоғарылату туралы**

***Күшін жойған***

Ақтөбе облысы Қобда аудандық мәслихатының 2016 жылғы 24 наурыздағы № 11 шешімі. Ақтөбе облысының Әділет департаментінде 2016 жылғы 6 сәуірде № 4839 болып тіркелді. Күші жойылды - Ақтөбе облысы Қобда аудандық мәслихатының 2018 жылғы 26 наурыздағы № 148 шешімімен

**Ескерту. Күші жойылды - Ақтөбе облысы Қобда аудандық мәслихатының 26.03.2018 № 148 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).**

**Ескерту. Шешімнің деректемелерінде, атауында, мәтіні бойынша орыс тілінде "Хобдинского", "Хобдинскому", "Хобдинский" сөздері "Кобдинского", "Кобдинскому", "Кобдинский" сөздерімен ауыстырылды, қазақ тіліндегі мәтіні өзгермейді – Ақтөбе облысы Қобда аудандық мәслихатының 22.12.2017 № 129 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).**

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 6 бабына және "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы (Салық кодексі)" 2008 жылғы 10 желтоқсандағы Қазақстан Республикасы кодексінің 386, 444 баптарына сәйкес, Қобда аудандық мәслихаты

**Ш Е Ш І М**

**Қ А Б Ы Л Д А Д Ы :**

1. Қобда ауданында пайдаланылмайтын ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлерге жер салығының базалық мөлшерлемелері және бірыңғай жер салығының мөлшерлемелері Қазақстан Республикасының жер заңнамаларына сәйкес он есеге жоғарылатылсын.

**Ескерту. 1 тармаққа өзгерістер енгізілді – Ақтөбе облысы Қобда аудандық мәслихатының 02.12.2016 № 48 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).**

2. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Аудандық мәслихат  
сессияның төрайымы  
Г.БАЛГАРИНА

Аудандық мәслихат хатшысы  
Ж.ЕРГАЛИЕВ

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК